

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№99 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА №99»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАРМАКШИНСКОМУ РАЙОНУ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

№ 118
« 29 » 08 2025 ж.

ПРИКАЗ

№ _____
аул. Акай

**2025-2026 оқу жылында жалпыға
міндетті білім беру қорынан бөлінген
қаржы есебінен білім алушыларды
ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі №319 Заңын және «орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10 қосымшасына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64, 2022 жылғы 8 тамыздағы №544 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан берілетін бір мезгіл ыстық тамақ ішуге жекелеген санаттардағы оқушыларды іріктеу мақсатында комиссия мүшелері бекітілсін.
(1-қосымша)
2. 2025-2026 оқу жылы қыркүйек айының 02-нен бастап мектептегі оқушылардың жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыру ұйымдастырылып, мектеп асханасынан барлығы білім алушы бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
(№2 қосымша білім алушылар тізімі)
3. Мектеп асханасында кезекшілік ұйымдастыру әлеуметтік педагог Ж.Утепбергеноваға жүктелсін.
4. Білім алушылардың тамақтану кестесін жасау әлеуметтік педагог Ж.Утепбергеноваға, ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың кесте бойынша уақытында тамақтануын қадағалау сынып жетекшілерге жүктелсін.
5. Күнделікті тағам өнімдерінің сапасын бақылау, перспективалық маусымдық екі апталық ас мәзірі мектеп басшысының бекітуі, асхана тамағының сапасына, дайындалуына, тағам сертификаттарының талапқа сай болуына, астан улану жағдайларының алдын алуға, рұқсат етілмейтін заттардың сатылмауына тыйым салынып, бақылау жасау жауапкершілігі қатаң қадағалануы мектеп медбикесі Ш.Досановаға міндеттелсін.
6. Оқушыларды тағам өнімдерімен уақытылы қамтамасыз ету мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Утепбергеноваға міндеттелсін.
7. Күнделікті берілетін тағам өнімдерін сапалы даярлау, асханадағы санитарлық-гигиеналық норманың талапқа сай болуын қадағалау мектеп аспазшысы Н.Бишаеваға міндеттелсін.
8. Сынып жетекшілерге 9 қыркүйекке дейін сыныптағы әлеуметтік тұрмысы төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды анықтап, құжаттарын әлеуметтік педагогке өткізу міндеттелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын ұйымдастыруын, бақылау жасауын мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Утепбергеноваға міндеттеп, жалпы басшылық жасауын мектеп директоры Ш.Ескожа өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры  Ш.Ескожа